

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Мұғалжар аудандық білім бөлімі»ММ
№5 Қандыағаш ақалалық жалпы білім беретін орта мектебі мемлекеттік мекемесінің
өзін өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

Қандыағаш қаласы

Есет батыр 19

30.09.2024ж

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын(бұдағ әрі Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5-желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», №5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі КММ-нің кезектен тыс 2024жылғы 29-тамыздағы №105 бұйрығы негізінде 02.09-25.09.24ж аралығында мектеп қызметіне өзін өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін өзі бағалау жұмысын жүргізуде комиссиясымен келесі құрамда өткізілді.

№	Комиссия мүшесінің аты-жөні	Қызметі
1	Бердибеков Сапарғали Куантаевич	Мектеп директоры, комиссия төрағасы
2	Сидағалиева Айжан Салауатовна	Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, орыс тілі пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Түлебаева Лиман Жаксылыковна	Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Есмұханова Акманар Серікқалиевна	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, география пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
5	Ибайдаева Багила Алдановна	Директордың оқу-әдістемелік жөніндегі орынбасары, химия пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
6	Дузкеева Еркеназым Тлегеновна	Директордың дарынды оқушылармен жұмыс жөніндегі орынбасары, тарих пәні мұғалімі, комиссия мүшесі,
7	. Медеубаева Айгуль Салиулована	География пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
8	Алмагамбетова Жибек Кузбаковна	Химия пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
9	Аманияз Әлия Төлегенқызы	Мектеп психологы, комиссия мүшесі
10	Жалиманова Карлығаш Султанбековна	Мектептің бас есепшісі, комиссия мүшесі
11	Ахметова Умит Узбековна	Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектеп қызметіне өзін өзі бағалау материалдарын зерделеп, білім беру ұйымының бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандартына сәйкестігін зерделеп талдады.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
Білім беру ұйымдарының аталауы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы) «Ақтөбе облысының білім басқармасының Мұғалжар аудандық білім бөлімі»ММ №5 Қандыағаш ақалалық жалпы білім беретін орта мектебі мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Есет бастыр көшесі 19 үй
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды почта, web-сайт) Телефон: 871333-3-63-24 Электронды почта: Kandyagash-5 mail.kz Сайт: /sh5-kandyagash.edu.kz/

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшысының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)

Бердибеков Сапарғали Куантаевич 02.04.2019жылғы №63 бұйрық ,4-хаттама негізінде «№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындалған. Ұялы телефон:87053441158

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылы 11-қаңтарда бберілген. Алғаншы мемлекеттік тіркеу күні 27.05.1998ж. БСН 980540001513. Құрылтайшысы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының бәләм бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Рұқсат етуші құжаттар

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 26.09.2024жылы №KZ 77RVK00060017 ьерілген. «Е-лицензиялау ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді.

Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2021 жылғы № 26-ақпанындағы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген №KZ 14KLAA00024975 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі білім беру, жалпы орта білім беру көрстелген.

2. Кадрлық құрамға талдау

№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31-тамыздағы №385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын ,Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтар актілерін басшылыққа алады.

1.Мектептің мектепалды даярлық сыныбында 2022-2023 оқу жылы 4 топ мектепалды даярлық тобы,3 шағын орталық тобы жасақталып жұмыс жүргізілген.

2023-2024 оқу жылы 5 мектепалды ,3 шағын орталық тобы жасақталған. Тәрбиешілер саны-8

2024-2025 оқу жылы 4 даярлық тобы ,2 шағын орталық тобы жасақталып жұмыс

жасайды.Тәрбиешілер саны- 6.Оның 4-еуі МАД тобы. Тәрбиешілердің 4-еуі жоғары білімді,екеуі арнаулы орта білімді. Сарапшы-2, Модератор-1. II санатты екі тәрбиеші бар. Бұл екі тәрбиеші

қыркүйек айында тесттен өткен.Аттестациялау комиссиясының қорытындысы шыққан соң, педагог-

модератор санаты беріледі.Бір тәрбиеші санатсыз. Себебі, екі жыл тест сынағынан өтпеген. Тестке

барған құжаттары бар.Тәрибешілердің 5-еуінің дипломы мамандығына сай келеді. Біреуінің

мамндығы бастауыш сынып мұғалімі. Базалық курстардан өткен. ҚР Білім және ғылым министрінің

2009 жылғы 13-шілдедегі №338 бқырығымен бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік

сипаттамаларының 5-параграф 24-тармағында Біліктілікке қойылатын талаптарында мектепалды

даярлық сыныптарында «Педагогика және бастауыш мектеп оқыту» мамандығы бойынша сабақ бере

алатындығы көрсетілген. Мектепалды даярлық сыныптарында жұмыс жасайтын педагогтер өз

қызметіне тиісті кәсіптік күзіреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін ,зерттеу,зияткерлік және

шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында бес жылда бір рет курстан өткен.

Педагогтердің сапалық құрамы 100%

№	Мұғалімнің аты-жөні	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Білікті санаты	Біліктілік арттыру курстары.
1	Қайрова Гульмира Искендровна	«Мектепке дейәнгі оқыту және тәрбиелеу»	23жыл	Педагог сарапшы 2024-2029	«Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық

					аспектілері» 72 сағат 11.09.-21.09.2023
2	Крылова Светлана Николаевна	«Бастауыш сынып мұғалімі»	34жыл 3 жыл МАД	санатсыз	«Современные практико- ориентированные технологии в профессиональной деятельности воспитателя дошкольной организации» 72 сағат 20.07-04.08.2021
3	Қайрова Гулсара Скендирова	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	18жыл- 4жыл МАД	Педагог модератор 2024-2029	«Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» 72 сағат 11.09.-21.09.2023
4	Мұханбетжанова Қызғалдақ Жұмағелдіқызы	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	8 жыл	II санат	«Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» 72 сағат 11.09.-21.09.2023
5	Бижанова Слушаш Шаймуратовна	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	30жыл	II санат	«Мектепке дейінгі ұйымның сапасы бағалау негізінде заттық-кеңістік дамытушы ортасын жобалау» 72 сағат 29.03- 08.04.2021
6	Даримбетова Сәуле Тұлқибаявна	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	14жыл- 2жыл МЦ	Педагог сарапшы 2023-2028	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнының жаңаруы жағдайында педагогтердің АКТ технологияларды пайдалану бойынша кәсіби құзыреттіліктерін даму» 72сағат 29.11- 09.12.2021

Мектепалды сыныптардың педагогтері кәсіптік қызметті жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың нысандары мен тәсілдерін қолданады. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы №5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін мектебінің ресми сайтында/sh5-kandyagash.edu.kz/ орналастырылған.

3.Тәрбиеленушілер контингенті

Мектепте 2022-2023 оқу жылы 4 топ құрылып(2-еуі орыс тобы), онда 91 оқушы(35-і орыс тобы) тәрбиеленген. 2023-2024 оқу жылы 5 топ болып, 98 оқушы білім алған. 2024-2025 оқу жылы 4 топ жасақталған. Ондағы бала саны 77. Оның 3-еуі қазақ, 1-еуі орыс тобы. Қазақ тобында 60, орыс тобында 17 оқушы білім алуда. Мектептің негізгі міндеттерінің қатарына білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру – білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісінің субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Мектепалды даярлық сыныбына 5 жастағы балалар қабылданады, әр топта 25 баладан артық емес етіп жинақталған.

Мектепалды даярлық бағдарламасын меңгерген тәрбиеленушілерді мектептердің мектепалды сыныптарынан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылған.

Қорытынды: Аталған оқу жылдарында мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары” талаптары сақталған. Мектептің тәрбиеленушілерін есепке алуды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау, шағын аудан тәрбиеленушілер оқыту мен қамту мәселелері – мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында. Тәрбиеленушілер контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізіледі, қабылдау және олардың қозғалысына бұйрықтарды уақытылы шығару, барлық қажетті деректерді арнайы алфавиттік кітапқа енгізу, алфавиттік кітаптың, бұйрықтар мен журналдардың сәйкестігі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке іс-қағаздары мен медициналық карталары жүргізіледі.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Зерделеу барысында:

2022-2023 оқу жылдарындағы мектепалды даярлық кластарындағы оқу жұмыс жоспарлары, 2022 жылғы 9-қыркүйектегі №394 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14-қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары талаптарына сәйкес құрылған.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 2022 жылғы 9-қыркүйектегі №394 бұйрықпен өзгеріс енгізілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары”-на сәйкес құрылған және бекітілген.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылған және іске асырылады.

Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуы қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минуттан құралған. Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған. Мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған.

Мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспарларында:

«Физикалық қасиеттерді дамыту»:

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылды. Денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл қозғалыс тәжірибесін қалыптастырылды.

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту»:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылып отырды.

Балалардың түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттары қалыптастырылды.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамытты.

«Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе біледі.

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдары қалыптастырылды.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

Зерделеу кезінде 2022-2023, 2023-2024 2024-2025 оқу жылындағы аталған өлшемшарттар бойынша мектептің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері Перспективалық жоспар мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес іске асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар соның ішінде күн тәртібі, өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспары, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарлары құрылып, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі мекеме басшысымен бекітілген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылған. Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде мектепалды даярлық сыныбының мұғалімдері стандартқа сай құрастырған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім

беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында тәрбиешілер перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған. Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің сабақтары мен перспективалық жоспарларын зерделеу оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтер ойын арқылы оқыту, білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту қағидаларын ішінара ұстанатынын көрсетті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау (мектепшілік жалпы саяхат, мектепшілік кітапханаға саяхат, мектепшілік акт залына саяхат, мектепшілік асханаға саяхат т.б.), педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған.

Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша сабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылады. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген. "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша анықталғаны: мектептің жұмыс жоспарында «Тіл туралы» ҚР Заңының орындалуы жоспарланған, балаларды тәрбиелеумен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құрылған, талапқа сай жасақталған.

2024-2025 оқу жылындағы мектепалды даярлық класындағы оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы" 1-қосымшасы негізінде құрастырылған.

Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасалынған, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық кеңістік орта, оның ішінде арнайы орта құрылған, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдылары қалыптастыру бойынша, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етіп, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілік, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу болып табылады. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру және жеке жолымен іске асырылуда.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде ұйымдастырылған оқу қызметі кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Циклограмма әр аптаға күн тәртібіне сәйкес құрылған. Циклограмманы жоспарлауда қойылатын талаптар төмендегідей сақталған:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау (мектепшілік жалпы саяхат, мектепшілік кітапханаға саяхат, мектепшілік акт залына саяхат, мектепшілік асханаға саяхат т.б.), педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша сабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылған. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы” және білім беру бағдарламалары талаптарына сәйкес.

Мектепалды даярлық тобы мен шағын орталықтағы тәрбиеленушілердің жетістіктері:
2022-2023 оқу жылдары бойынша жетістіктері:

«Мұқағали оқулары» атты жыр байқауына қатысып, үздік өнер көрсеткен 1 дәрежелі дипломмен марапатталды: Қасымова Құндыз, Рүстемқызы Қазына.

Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Менің Елім менің бақытты балалық шағым» республикалық би байқауына қатысып, төмендегі тізімдегі оқушылар Алғыс хатпен марапатталды:

Аманбай Амина
Қасымова Құндыз
Рүстемқызы Қазына
Серғали Хадия

Республикалық «Ғарышкерлер күні» сырттай байқауының Аудандық кезеңіне белсене қатысқаны үшін №5 Қандыағаш қалалық ЖББОМ тәрбиеленушілері Әділхан Раяна, Қасымова Құндыз Алғыс хатпен марапатталды.

«ПОНИ» Халықаралық байқауының қатысушылары ІІІ дәрежелі диплом Есенжол Ясина, ІІІ дәрежелі диплом Әділ Інжу, ІІІ дәрежелі диплом Бухарбай Аянат, ІІІ дәрежелі диплом Бақытжан Нұрай, ІІІ дәрежелі диплом Жұмабай Айбар алды.

«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Мәнерлеп оқу» аталымы бойынша қатысып, 1 орын алған Адайбек Омар марапатталды.

«Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қоры «Независимость гордость моя» сурет байқауында 1 дәрежелі Диплом Сақтаған Ырысбек, 1 дәрежелі диплом Бәйіш Батыржан алды. «Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қоры «Зимние забавы» сурет байқауы 1 дәрежелі дипломмен Қуаныш Абдулкарим марапатталды. Халықаралық өрлеу – өркендеу журналының ұйымдастырған «Жас зерттеуші» байқауында Болатханқызы Адина 1 орын иеленді. ПОНИ халықаралық конкурсы Танирберген Ислам 3 дәрежелі диплом, Чуприна Ксения 3 дәрежелі диплом, Сақтаған Ырысбек 3 дәрежелі диплом, Кабдунер Малик 3 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Халықаралық «Пони» Тілашар байқауының жүлдегері ІІ-орын Дауылбай Іңкәр, І-орын Қанатова Раяна, ІІ дәрежелі диплом Тулегенова Адия, ІІ-дәрежелі диплом Темірбаева Раяна, Сағдиева Томила ІІ орын, Мұрат Әлиболат ІІ-орын, Жұмабек Әмірхан ІІ-орын, Мырзабай Абдинұр ІІ-орын, Сағын Жұлдыз ІІ-орын, Хабидулла Дидар ІІ-орын, Еділбай Махаббат ІІ-орын, Болатбекұлы Өмірқұл ІІ-орын, ІІ-орын Найзабек Мерей, ІІ-орын Аманбай Нұрсейт, ІІ-орын Алиев Нұрәли, ІІ-орын Ғалым Сұлтан, ІІ-орын Қуандық Гүлсім ие болды.

Мәңгілік ел қорының ұйымдастыруымен Республика күніне орай ұйымдастырылған «Алтын бала-2022» арасында өткен байқауға Абдолов Алинұр мәнерлеп жатқа өлең оқып І-дәрежелі дипломмен марапатталды. «КИО.кз» ұйымдастыруымен пәндік олимпиадасында математика пәнінен Еділбай Махаббат 1 дәрежелі дипломен марапатталды.

Үркер халықаралық „Речеветик“, байқауында 1 орын Беляев Артём, Георгиев Давид, Бажиков Алдияр, Адольф Юлия, Абдрахман Расул, Берденова Аккрке, Содорова Никалета, Мералы Рамазан, Кудабасева Каусар иеленді.

2023-2024 оқу жылы жетістіктері

"Жас талант-2024" байқауы Мұғалжар аудандық оқушылар шығармашылығын дамыту орталығының ұйымдастыруымен "Көркем сурет" номинациясында I-дәрежелі диплом иегерлері:

Голоскевич Алина
Танирберген Саят,
Булжанина Диана
Скляр Виталий,
Щелоков Вадим
Умерзаков Ролан .

« Мұғалжар ауданының білім бөлімі» "Ғарышкерлер күні" сырттай байқауының аудандық кезеңі Скляр Виталий "Диплом III орын" Мұғалжар аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен сырттай «Шебер әке, өнегелі ана, еңбекқор бала» атты байқауы - Умерзаков Ролан "Алғыс хат" аудандық білім бөлімі.

Халықаралық ПОНИ интеллектуалдық марафонында 1 орын Букалов Р, Жұматов Д, Тәңірберген И, 2 орын Бажикова Ж, Абрашев А. иеленді. Халықаралық «Астра» интеллектуалдық байқауы 1 орын иегерлері : Тәңірберген И., Бажикова Ж, Букалов Р, Абрашев А, Жұматов Д. Республикалық «Мұқағали оқулары» Тәңірберген Ислам 1 орын , Туржанова Камила 2 орын алды.

Аудандық «Космонавтар күні» сурет байқауы Ердос Жасмин 3 орын иеленді. Аудандық: «Мақал-мәтел-сөз мәйегі»-атты сайысқа қатысып Туржанов Камаладин, Алғыс хат иеленді. «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» байқауында Нұржанова Айгерим 1 орын иеленді.

Республикалық «Ғарышкерлер күні» сырттай байқауы- III дәрежелі диплом Халықаралық отбасы күніне» орай сурет байқауы-III орынмен Туржанов Камаладин, Мұхтар Нұрислам марапатталды.

Дарын білім орталығының «Ақ -Бота» онлайн интеллектуалды логикалық олимпиадасына 49 оқушы қатысып, барлығы жүлдегер атанды.

Балаларды ерте дамыту институты ұйымдастыруымен «Әжем, анам және мен», аудандық байқауына Еснияз Еркеназ қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.

Балаларды ерте дамыту институты ұйымдастыруымен «Мен өнерлі баламын» атты аудандық кезеңіне қатысып Сембек Даяна өз өнерін көрсетіп 3-орынға ие болды.

Дарын лэнд баланың логикалық ойлау қабілеттерін, арттыру мақсатында ұйымдастырылған Астра конкурсына Жиенбек Ақбота-I, Болатхан Адина, I-орын Адилет Айсель III-орын, Досова Нұрай, I-орын, Еркетай Асылым, II-орын Ғалам Ғабиден, I-орын, Хабидулла Айназ I-орын, Мухамбетжан Ясина I орын мен оқушыларым марапатқа ие болды.

Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымдастыруымен «Мұқағали оқулары» жыр байқауы I- дәрежелі Дипломмен Хабидулла Айбар, I-орын Нұркен Мадияр I-орын Досова Нұрай, I-орын Досан Нұрперзент I-орын Бухарбай Аянат I-орынға ие болды.

Балаларды ерте дамыту институтының ұйымдастыруымен «Әжем, анам және мен» атты сырттай аудандық байқауына қатысып Мұхамбетжан Ясина Алғыс хатқа ие болды.

Ғарышкерлер күніне орай ұйымдастырылған аудандық «Космонавтар атты суреттер байқауына Хабидулла Айбар, Алғыс хатпен марапатталды.

Халықаралық ПОНИ 1 орын Ғалым Санжар, Сақтаған Ырысбек, 3 орын Кеңесбаев Әмір, Мандыбаев Ислам.

Халықаралық «Астра» интеллектуалдық байқауы 1 орын Ғалым Санжар, Жанболат Раяна 1 орын, Сайдұлы Али 1 орын , Сәрсенбаев Әлихан 1 орын иеленді.

Республикалық «Мұқағали оқулары» 1 дәрежелі дипломмен Төкен Расул, Сақтаған Ырысбек, Айдынгали Аяна, Сағынбай Адина, 2 дәрежелі Жанболат Раяна. 2023-2024 год. Международный конкурс „Пони -Речецветик» байқауына Кривошеев Даниил 1 орын, Иманалиев Икрам 1 орын, Тимофеева Полина 1 орын, Навалихина Арина 1 орын, Баркова Мирослава 1 орын, Жумартова Сара 1 орын, Карсаков Самир 2 орын иеленді.

Республикалық поэзия байқауында Иманалиев Икрам 1 орын, Орынбасарова Айауру 1 орын, Куаныш Абдулкарим 1 орын.

«Дала сазы» республикалық хореография байқауында Тимофеева Полина 2 орынмен марапатталды.

«Мен зерттеушімін» республикалық байқауда Навалихина Арина 2 орын иеленді. Республикалық «Ғарышкерлер күні», сурет байқауында Гергардт Аделина 1 орынмен марапатталды. Бакуда өткен Халықаралық хореография байқауында Баркова Мирослава „Бас жүлде,, иеленді.

Жалпы қорытындылай келе: 2022-2023 оқу жылы

Олимпиада мен конкурстар түрлері	Аудандық	Облыстық	Республикалық Халықаралық
Пәндік олимпиадалар мен білім байқаулары			2
Ғылыми және шығармашылық жобалар байқауы			8
Қашықтық форматтағы байқаулар			2
Интеллектуалдық конкурстар			34
			37%

2023-2024 оқу жылы

Олимпиада мен конкурстар түрлері	Аудандық	Облыстық	Республикалық Халықаралық
Пәндік олимпиадалар мен білім байқаулары			8
Ғылыми және шығармашылық жобалар байқауы	12		6
Қашықтық форматтағы байқаулар	3		2
Интеллектуалдық конкурстар			72
	15%		89%

5. Оқу-материалдық активтер

Зерделеу нәтижесінде: 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылдары бойынша аталған өлшеуіштер бойынша зерделеу барысында мектепте баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылғаны анықталды. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер. Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі - заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-тараудың 2-тармағының б) тармақшасы негізге алынған. Мектеп ғимараты 3 қабатты, мектепалды даярлық тобының екі кабинеті,шағын орталыққа арналған бір кабинет бар. Мектеп ауласы қоршалған. Мектепалды даярлық сыныбы жиһаздармен жабдықталған.Кабинеттерде оқушы киімін ілуге арналған шкаф,парта,дидактикалық материалдарға арналған шкафтар,әр тақырыпқа арналған бұрыштар бар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» негізінде №5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінде **2024-2025 оқу жылында** жиһаздармен,ойыншықтармен толықтырылған.Жиһаздар,ойыншықтар қосымша таблицамен жалғанды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 67,5 шаршы метр. Оқу залы-1, отыратын орындар саны - 12. Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі бойы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтайтыны анықталды. **Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).**

Мектепте штаттық кесте бойынша екі кітапханашы жұмыс жасайды. Кітапхана меңгерушісі:

Абрашева Батима Елюбаевна, білімі: арнаулы орта. Ақтөбе мәдени-ағарту уч. 1989ж., Кітапхана ісі.

Еңбек өтілі- 20 жыл

Абрашева Батима Елюбаевна ҚР Оқу-ағарту министрілігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы», «Мектеп кітапханашыларының кәсіби даму жүйесінде медиа-ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру» тақырыбы бойынша курстан өткен 15.04-26.04.2024 (80 сағат) тіркеу №0756288.

Екінші кітапханашы: Абитова Роза Әкімалықызы, білімі: жоғары. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, кітапхана ісі, 2020 ж. Абитова Роза Әкімалықызы ҚР Оқу-ағарту министрілігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы», «Мектеп кітапханашыларының кәсіби даму жүйесінде медиа-ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру» тақырыбы бойынша курстан өткен 15.04-26.04.2024 (80 сағат) тіркеу №0756287.

Еңбек өтілі- 4 жыл.

Кітап қоры туралы:

Жалпы кітап қоры-28074; Оның ішінде: Оқулық-20917; Электрондық оқулықтар – 607; Әдістемелік-576; Уақытша пайдалану қоры (дәптерлер)-2463;

Негізгі қор-3511 дана

Қазақ тілінде- 1910- 53,2% ; Орыс тілінде-1601 - 46,7%; Ағылшын тілінде - 5 - 0,15%

Материалдық-техникалық база

Кітапхананың жалпы аумағы -109 шаршы метр; Абонемент, оқу зал аумағы – 67,5; Оқулықтар қоймасы- 41,5/м

Буккроссинг, оқуға құштар мектеп алаңы жабдықталған.

Кітапхананың техникалық жабдықтауы:

Компьютер-1, ноутбук-1

Оның ішінде:

Кітапханашыға-1 компьютер, 1 ноутбук

Марапаттар: 2024ж. Аудандық «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үздік мектеп кітапханашы - 2023» байқауына қатысып жүлделі I орын иеленген.

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттары баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижесінің болуы. Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастырады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері: - балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау;

- әңгімелесу;

- балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және тағы басқалар.

Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.

Мониторинг жылына 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;

- аралық – қаңтарда;

- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталды. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады, деңгейлерін игерген. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша балалардың деңгейі көрсетілген. 2024-2025-оқу жылының 4 мектепалды сыныбы бойынша бастапқы кезеңдегі баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының төмен деңгейдегі балалардың көрсеткіші 26%, орташа деңгейдегі балалардың көрсеткіші – 44%, жоғары деңгейдегі көрсеткіш 30%.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері талапқа сәйкес.

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процестеріне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

Зерделеу барысында: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2024 жылдың 16-17 қыркүйек аралығында білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті.

2024-2025 оқу жылында қыркүйек айының 17-18 күндері мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерінің ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 77 тәрбиеленушінің 72-сі қатысты. 93,5% ата – ана қатысты.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе заңды өкілдерінен) сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау мазмұнын түсініп, өз ықыластарымен толтырды.

Мектеп жұмысының жоғары деңгейде көрсеткіші – 93%-5 балл құрады. Ал сабақ беретін тәрбиешілердің 4 – педагогі тізім бойынша 100 % қатысып, 93,4% сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп бағаланды.

МАД сыныптарының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

МАД сыныптарының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	Толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	59	11	2	0
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	68	2	1	1
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	61	10	1	0
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	67	3	1	1
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	70	2	0	0
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	60	11	0	1
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	58	12	2	0
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	59	11	1	1
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	67	5	0	0
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.	61	11	0	0
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	59	11	2	0
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	67	3	1	1
13	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	59	11	2	0
Барлығы:		75,9%	17,1%	5,1%	1,9%

МАД сыныптарының ата-анамен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан ата-анасы	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	72	70,9%	17,4%	10,6%	1,1%
88,3%-5 балл					

МАД сыныбының педагогтармен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	келісемін/ иә	келіспеймін/ жоқ	толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	4	0	0	0
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	4	0	0	0
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	4	0	0	0
4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады	4	0	0	0
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	3	1	0	0
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	4	0	0	0
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	4	0	0	0
8	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	4	0	0	0
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	4	0	0	0
10	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	4	0	0	0
11	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	4	0	0	0
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	4	0	0	0
13	Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	4	0	0	0
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	4	0	0	0
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	4	0	0	0
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	3	0	0	1
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	4	0	0	0
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды	0	0	1	3
19	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	0	0	4	0
	Барлығы:	90,8%	2,6%	5,3%	1,3%

9.Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1. Ис тәжірибе алмасу, озық тәжірибелерді енгізу, ғылыми тұрғыда дамыту бағыты бойынша тәрбиешілердің жұмысы өзара тәрбие сағаттарына ену,

2. Білім алушыларды шығармашылық, зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелерін жетілдіру.

3. Мектептің материалдық-техникалық базасының «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» №70 бұйрықта көрсетілген өлшемшарттардағы талаптардың кейбір кабинеттерге әлі де толықтырулар енгізу.

10. Қорытындылар мен ұсыныстар

1. Тәрбиешілердің білім алушыларды түрлі білім саласындағы жарыстар мен конкурстарға қатыстыруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы «7» желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген байқау тізімдерін басшылыққа алынған.

2. Пән мұғалімдерінің кейбір пәндерден оқушылар жетістігін зерделей отырып, үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыс жоспарлары жасалған, жұмыс жүйелі жүргізілген;

3. Мектептің материалдық-техникалық базасы мемлекеттік білім беру стандартын толық көлемде орындауға, оқу үрдісі мен сыныптан тыс іс-шараларды қажетті әдістемелік деңгейде жүргізуге толық мүмкіндік жасайды. Пән кабинеттері толық жабдықталып, қажетті құралдармен қамтамасыз етілген.

4. ҚР тәрбиеге қатысты нормативтік талаптары орындалған. Тәрбиенің кешенді бағдарламасы бойынша барлық бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізілді.

Мектептің оқу-әдістемелік жұмысының құрылымы жасалып, негізгі бағыттар бойынша жұмыстар айқындалған, оқу-әдістемелік жұмыстардың бағыттары бойынша жұмыстар жүйеленген, барлық бағыттарының құжаттары тіркеліп жинақталған. Мектептің әдістемелік қызметінің жүйесі, бағыттары бойынша нормативтік талаптар орындалған.

5. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ПМПК қорытындысы бойынша денсаулық жағдайына байланысты оқытылатын балалардың тізімі жасақталып, құжаттары жинақталған.

6. «Ақтөбе облысының білім басқармасының Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ «№5 Қандыағаша қалалық жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталған. Топтар бойынша жылдық перспективалық жоспар бекітілген. Апталық циклограммалар уақытылы бекітілген.

Комиссия төрағасы:

Бердибеков Сапарғали Қуантаевич

(толық аты-жөні)

Комиссия мүшелері:

Сидағалиева Айжан Салауатовна

(толық аты-жөні)

Түлебаева Лиман Жаксылыковна

(толық аты-жөні)

Есмуханова Акманар Сериккалиевна

(толық аты-жөні)

Дузкеева Еркеназым Тлегеновна

(толық аты-жөні)

Ибайдаева Багила Алдановна

(толық аты-жөні)

Ахметова Умит Узбековна

(толық аты-жөні)

Жапаровна Кардыш Сүттебасова
(молтық аты - жеті)


(қолы)

Медербиева Айгүл Сатылповна
(молтық аты - жеті)


(қолы)

Аманжолбекова Жибек Кудайбердиева
(молтық аты - жеті)


(қолы)

Аманжол Олжа Төлегеновты
(молтық аты - жеті)


(қолы)